ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ С.МӘУЛЕНОВ
АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение
«ГИМНАЗИЯ ИМЕНИ С.МАУЛЕНОВА
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА КОСТАНАЯ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

2026 жылғы 01 қыркүйек
Қостанай қаласы

ПРИКАЗ

№ 213
город Костанай

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге жауапкершілікті жүктеу туралы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39/НҚ және «Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрықтары негізінде, гимназия бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге жауапкершілікті жүктеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Төмендегі тізім бойынша 2026-2027 оқу жылында гимназия қызметкерлеріне мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге жауапкершілік **ЖҮКТЕЛСІН:**

1) Г.Балтабаеваға (директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары):

1.1 «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы;

1.2 «Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы №39 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №172 бұйрығы:

-«Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін көрсету тәртібі:

«Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты.

2) С.Бейсеноваға (директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары)

2.1 «Педагогтерді аттесттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Казақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қантардағы № 83 бұйрығы (өзгерістер мен толықтыруларды қоса):

- «Педагогтердің аттестаттаудан өтуі үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізімі. (1-қосымша)

3) Г.Балтабаеваға (директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары):

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығы (өзгерістер мен толықтыруларды қоса):

3.1 «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі; (1-қосымша)

3.2 «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі. (2-қосымша)

4) А.Бекбаеваға (әлеуметтік педагог):

4.1 «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары.

4.2 «Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары;

4.3 «Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек беру» мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары.

2. Жауапты қызметкерлерге мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді нормативтік-құқықтық құжаттарға (стандарт, ереже) сәйкес жүргізілуін қатаң жүктелсін.

3. Гимназия бойынша мемлекеттік қызметті көрсету бойынша азаматтарды қабылдау Кестесі бекітілсін. (1-қосымша)

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор: **А.Мадибаев**

Бұйрықпен таныстырылды:
«01» қыркүйек 2026ж.
1.Г.Балтабаева
2.С.Бейсенова
3.А.Бекбаева